



№100 (9987)  
20 желтоқсан  
сәрсенбі  
2023 жыл

# Жалағаш жаршысы



«zhalağash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Мәселе



## Жылу маусымында жұрт жаурамасын

Бытыр Қазақстанның бірқатар өңірінде жылу маусымында мәселе туындаған. Қарапайым халықтың қапаған аяздан аман шығуы үшін жылу электр станцияларын жөндеуге қыруар қаржы қаралды. Мәселен, өткен жылы елімізде тозығы жеткен жылу құбырларын жөндеуге қазынадан 146 млрд теңге бөлінген. Алайда жыл сайын қайталанып отырған мәселеге бюджеттен бөлінген осынша қаржы да төтеп бере алмады. Себебі ел бұған қатысты жобалардың жемісін толық көре алмай отыр.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

## Ел жаңалықтары



## Синоптиктер болжам жасады

Синоптиктер 19-21 желтоқсанда елімізде ауа райы қандай болатыны туралы болжам жасады. Метеорологтар атап өткендей, аязды ауа райы аяқталуға жақын. Қазақстан аумағына Гольфстриммен жылытатын Солтүстік Атлантикалық тектес ауа массалары өнеді, соның салдарынан еліміздің басым бөлігінде ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Келесі Солтүстік Атлантикалық циклонға байланысты ауа райы бұзылып, бұрқасынмен бірге қар жауады. Алдымен елдің батысы мен оңтүстігінде, 21 желтоқсанда күндіз солтүстігінде және орталығында қар жауады, арты жаңбырға ауысады. Ал күндізгі термометрлер бірте-бірте 2 градус аязға дейін көтеріледі.

«ЖЖ» ақпарат

## Аңдатпа

### Жиі еститініміз – жол көлік оқиғасы



4-БЕТТЕ.

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»  
Ахмет Байтұрсынов

**ХАЛЫҚ**  
газеті

## Қадірлі оқырман!

Мерзімді басылымдарға 2024 жылдың I жартыжылдығына жазылу басталды. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.



## Бәрекелді!



## Қоныс тойын тойлады

Тәуелсіздікте тарту болған жаңа үйлер – тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталған қолдаудың бір көрінісі. Осы мақсатта ауданда 50 отбасы екі бөлмелі пәтерге ие болып, қуанышқа бөленді. Біз Тұрар Серікбаев пен Күміс Қайранбаеваның шаңырағында болып, қуаныштарына ортақтасып, қонысымен құттықтап қайттық.

– Ең алдымен мемлекет басшысына осы тұрғын үйге қатысты бағдарламаларды қолға алып, қаншама халықтың әлеуметін көтеріп, үй сыйлап жатқаны үшін алғыс білдіремін. Үй алуға кезекте тұрғанымызға биыл үш жыл болды. Бұған дейін әр жерден пәтер жалдап тұратынбыз. Алты баламен көшіп-қону да оңай шаруа емес. Мемлекеттің осылай бізді ескеріп, үлкен көмек бергеніне қуаныштымын, – дейді Тұрар Серікбаев.

Тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар арасында көпбалалы отбасылардан бөлек, жетімдер, толық емес отба-

сылар, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар және тағы сол сияқты санаттағы азаматтар да бар. Ал біздің кейіпкеріміз көпбала тәрбиелеп отырған отбасы есебінде құжат тапсырып, кезеп биыл жеткен.

Мемлекет басшысы «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді» деп айтқан болатын. Расында қарапайым халықты тұрғын үймен қамтамсыз ету – мемлекеттің басты мәселелерінің бірі.

Ауданда мерекемен тұспа-тұс берілген жаңа нысандар жоғарыда

аталған санаттағы азаматтарға табысталды. Жалпы жаңадан салынған 25 үйдің әрқайсысында 2 пәтерден бар. Үй ішінде қонақ күту, жатын, жуынатын бөлме және ас үйден қарастырылған. Ал пәтердің алаңы 60 шаршы метрді құрайды.

Отағасы Тұрар Серікбаев қазіргі таңда жұмыссыз. Ал отасқанына 22 жыл болған жары Күміс Қайранбаева – күміс алқа иегері. Олар біраз жылдан бері енді ғана жаңа үйдің бұйырғанын айтып, қуанышын жасырмады. Рас, бүгінде елімізде қарапайым халыққа жаңа үй сатып алу оңай шаруа емес.

– Облыс әкімі тұрғындар арасынан ең алғаш кілтті маған ұсынды. Ұзақ уақыт кезекте тұрғанымызды ұмыттық, қатты қуандық. Үй тиянақты салынғаны көрініп тұр. Бөлмелердің бәрі жылы, көгілдір отың ауыз су кіргізіліп, барлық жағдай жасалған. Облыс әкімі де қуанышымызға ортақтасып, бізге газ плитасын сыйлады. Аудан әкімдігі де екі жәшік шашуымен келіп, құттықтады. Қуанышымызға ортақтасып жатқан әрбір-ріңізге алғыс білдіремін, – дейді Күміс Қайранбаева.

Айта кетейік, бүгінде Сыр өңірінде 4 170 пәтерлік 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Соның 2500-ге жуығы қазіргі таңда отбасыларға табысталып, 11 мыңнан аса аймақ тұрғындары үйлі болды.

Бұл тұрғын үйлер тұрғындарға жоба бойынша сатып алу құқығынсыз жалға берілуде. Яғни үй иелері ай сайын мемлекетке 8 800 теңге салық төлеп отырады.

Ақнұр АЛТЫНБЕК



# Ойға да баттым тұңғыық

Мәлікова Динара Тобжанқызы 1988 жылы Жалағаш ауданына қарасты Мәдениет ауылында дүниеге келген. 2004-2006 жылдары ауданның төл басылымы «Жалағаш жаршысы» газетінде қызмет еткен. Мемлекеттік тапсырыспен «Тәңір сыйы», «Жүрегімдегі періштем», «Гүл қауызындағы хаттар», «Өмір дегенің осы екен...» жыр жинақтары жарық көрген. Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты. Республикалық «Үркер Үміт» бәйгесінің жеңімпазы. Мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері «Төлеген Айбергенов» атындағы сыйлықтың лауреаты.



## Алаштың асқақ арманы

(Темірбек Жүргеновке)

Сыр жері, қайран, Сыр елім,  
Тектілер табан тиген жер!  
Жаратқан болып тірегің,  
Тілегін Тәңір сүйген жер!

Ұлылар мінген кеменің,  
Ұрпағы ұстар тізгінін.  
Тарихы терең көненің,  
Тағлымын түйдік біз бүгін!

Құмында Сырдың түлеген,  
Темірдей төлім дарытқан.  
Жапырағын жайып сол емен,  
Білімнен шуақ таратқан.

Елінің ойлап ертеңін,  
Темірбек болып аталған.  
Киесіне көміп келте-күн,  
Тұрмағанбеттен бата алған.

Оқыса ғой деп арманы,  
Қазақтың қара баласы.  
Дүниенің мынау жалғаны,  
Ақ пенен қара арасы.

Жақын да бір кез жат болып,  
Тағдыры түсті-ау талқыға.  
Көк аспан оны бақ қылып,  
Жіберген екен халқына.

Мектеп пен өнер ошағы,  
Даланың тілін меңгерген.  
Дәмештей адал қосағы,  
Қайғысын ердің тең көрген.

Жалғызын беріп Аллаға,  
Сездірмей, сынбай, көндіккен!  
Сүйенер, сүйер Ар-ғана,  
Жетелеп алға өрлікпен!

Арманы асқақ Алаштың,  
Көзінде тұрды бір үміт.  
Шындармен бүгін жарастың,  
Шуағынан нұрдың төгіліп.

Уақыттан медет сұраған,  
Ғылымның кілтін іздеген.  
Ғасырдан асқан ғұламам,  
Тынысыңбыз ғой біз деген.

Еске алар, елің, ұрпағың,  
Хаттарың, үлгі-өсиет.  
Қазағың болған бар қамын,  
Қанына сіңген қасиет!

Арқалап Алаш арманын,  
Сертіне берік, батыр-ұл!  
Тәуелсіз елдің тандарын,  
Күзетіп үнсіз жатыр ол...



\*\*\*  
Туған жердің салқын тартқан құшағы...  
Жат көре ме баласын.  
Таныс аула табанымнан құшады,  
Жасыра алмай наласын.

Ауыл-сырқат, түксиеді түнеріп,  
Шүрқ тесік шапанына оранып.  
Сәби-жүрек әлди-әуен тіленіп,  
Қайтып барам тоналып...

Құрты қайнап, пісілетін күбісі,  
Берекесі безгені ме үйімнен.  
Әжемнің де баяулапты жүрісі,  
Демін өзере алады екі иінінен...

Көркем келін жүретін-ді күлімдеп,  
Қала дейтін достасыпты дүрмекпен.  
"Кір-қоңымды көрші жуды бүгін кеп,  
Тірі ме деп бас сұғыпты көрмекке.

Ұйықтағанда алса Алла қинамай" -  
дейді әжем көз жасынсыз күрсініп.  
Атам сиған шаңыраққа симады-ай,  
Бұл үйдегі қайнап жатқан тіршілік.

Арқана сап өсірдің ғой біздерді,  
Көз-көргеннің көңілінде жүр әлі.  
Жылап алып, жүрміз қазір түзде енді,  
Қайтейін, әже, кеудем өксіп тынады.

Қос жанарын көлегейлеп қолымен,  
Көп қарайды іздегенін табардай.  
Қара күздің сүрең шексіз жолымен,  
Кездесуге шалы келіп қалардай...

\*\*\*  
Сыр бойынан келгенбіз...  
Сыр бойынан келгенбіз,  
Қасиетті Елденбіз,  
Қасиетті Жерденбіз:  
Қызығымызды қымбат, таң –  
Зыммыраны күнде атқан,  
Жан-тәнімізді улатқан,  
Ұлардайын шулатқан –  
«Байқоңырға» бергенбіз.  
Ажар-көркімізден айрылып,  
Қыл-омыртқамыздан майрылып,  
Құс-қиялымыздың қанаты  
Қатаймай жатып қайрылып,  
«Жетісудың» қойнына  
Жылап-еңіреп енгенбіз.  
Мұнда да біздей бар екен,  
Ұя-мекені тар екен.  
Зар-Нарық... киер киім мен  
Ішер асына зар екен.  
Ескекіз тесік қайықтай  
Қалт-құлт еткен ғаріп тірлігіне  
Бір Алла ғана жар екен.  
Жауатыны – жаңбыр-қар екен,  
Тапталатыны – ар екен...  
...Несіне айта берейін,  
Киелі деген Елденбіз,  
Сыр Елі деген Жерденбіз.  
Ақ басты Алатау-Шалға  
Ауылды тастап келгенбіз.  
Иә,  
Ауылдан келген қыз...

\*\*\*  
Ауа ішінен ойларымды оқып-ап,  
Сыбырлайды, сыбырымды бақылап.  
Жолыма кеп, нәсерлетіп жауасың,  
Сен не дейсің, жапырақ?!

Бір бөлшегін жұлып берсем жанымның,  
Қабағымнан сырғып түсіп лағыл-мұң.  
Желге қонып, жеткізсен ғой дұғамды,  
... Мен Әжемді сағындым...

Хәлім жақсы сол жаздағы көргендей,  
Сен сағына көрме, Әже, дәл мендей...  
Алақаннан бейінең қонар жүзіме,  
Мейірімің енгендей...

Бүгін тағы күбірледім жол үсті,  
Балалығым, даналықпен алысты.  
Байқатпай-ақ, сездірмей-ақ, білдірмей,  
Кешегі күн бүгінімді тауысты.

Сол белгілі болмашыны сөз етем,  
Тірлігімді түрлендіріп түзетем.  
Бөлме іші "үйшік-үйшік" үмітім,  
...Тереземе төніп тұрған Күз екен...



## Желтоқсан оқиғасының құрбаны


(Ләззат Асановаға)

Мұнар да мұнар, мұнар күн,  
Көзімнің жасын бұлармын.  
Өлгеннен кейін аһ ұрып,  
Жоқтағандарға сыңармын.

Өрімдей едің жоқ болдың,  
Еліне туған жат болдың.  
Дәл осы менің жасымда,  
Ақ өлімге тап болдың.

Желтоқсан сені жылатты,  
Желтоқсан желі жұбатты.  
Атыңды жазып аспанға,  
Жаныңды жерге құлатты.

Қазақтың қызы жігерлім,  
Гүл жасап жырдан жібердім.  
Азаттық таңын арқалап,  
Жаныңа бір күн түнермін.



\*\*\*  
Бұралаң жолдар бұралаң,  
Ес жиып талай құлағам.  
Өмірді қойшы өң мен түс,  
Күйімді кім бар сұраған?!

Белгісіз мұңға түнегем,  
Сенгісіз ғұмыр сүрер ем...  
Тыйылмай жүрсе көз-жасым,  
Бұйырмай жүр де бір өлең!

\*\*\*  
Көгершін-ау, бүлкілдеген тамағы,  
Мынау тағдыр қайда ұзап барады...  
Жем іздеген тіршілігің менде бір,  
Болмайды ма жүректердің қалауы...

Есеюге Өлең бе екен асыққан,  
Есеюге Өмір ме екен жасытқан.  
Сөмкемдегі түйір дөнім таусылып,  
Мен өзінді бақылаймын алыстан...

Үндемей жүріп сөйледім,  
Күлімдеп тұрып күйредім.  
Тағдыры бөлек о, тоба,  
Жолыққан жалғыз сүйгенім...

Ашылса таңмен есігім,  
Сыбырлап сүйдім есімін.  
Түннен де тығам сол жанды,  
Күннен де сұрап кешірім.

Ақ пенен қара арасын,  
Аралап нені табасың?

Түймедейін көздеріңе түйреліп,  
Түрлі өмір жатқан шығар иленіп.  
Бейбіт әлем нұрын төге салса ғой,  
Жердің үсті бір ғажайып күйге еніп.

Күн сәулесін көпсініп те аласың,  
Қанатыңды әлсін-әлсін қағасың.  
Сөкем алып селт еттің ғой сеземін,  
Сен де бәлкім өз ұяңда анасың.

Алладан түскен шыбын-жан,  
Шырылдап қайда барасың?!

Тұтанбас қайта сөнген-шоқ,  
Түңдігем ажал төнген жоқ.  
Ойға да баттым тұңғыық,  
ақылды болып көргем жоқ!

Қалжырап қалған қаладан,  
Тұнжырап ауып бара ма ән...  
Түнектен жырмен тірліп,  
Жүрек боп қайта жаралам!

Өзімде үйде қос көгершін қонақтап,  
Отырады ошағымда алақтап.  
Жел тигізбей жүздеріне жүрсем ғой,  
Тонар болсаң, дүние мені тонап бақ.

Аңсағаны болар бір күн құлдың да,  
Шөлім қанып жүре бермес бұл-мұңға.  
Жылап жүрмей, жылап өтсем деп едім,  
Құлап кетпей тұрған кезде құрдымға!



